Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы «10» мамырдағы
№ 199 бұйрығына 16-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 188-2-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» (бұдан әрі – «АКТ») пәнінің оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. «АКТ» пәнін оқытудың мақсаты білім алушыларды оқуда және күнделікті өмірде тиімді қолдану үшін қазіргі заманауи ақпараттық технологиялардың базалық білімімен, білік және жұмыс жасау дағдыларымен қамтамасыз ету болып табылады.

3. Негізгі міндеттері:

1) компьютер туралы алғашқы ұғымдар, қазіргі заманауи цифрлық технологиялар және олардың қоғам өміріндегі алатын рөлі туралы білім алушыларға мәлімет беру;

2) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, ақпаратты іздеу, жинақтау, өңдеу, сақтау және әртүрлі формаларда жіберу дағдыларын қалыптастыру;

3) әртүрлі программалық қосымшаларды пайдалана отырып, білім алушылардың идеяларын ұсынуға мүмкіндік беру;

4) бір-бірімен сөйлесу, ақпарат алмасу және бірлесе жұмыс істеу мақсатында ақпараттық коммуникация технология құралдарын пайдалануға әрекет жасау;

5) білім алушыларды авторлық құқықтарды сыйлауды және компьютермен жұмыс істеу барысында техникалық қауіпсіздік ережесін сақтауды үйрету.

4. Оқу бағдарламасында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қана қоймай, білім алушылардың сыныптан тыс жұмыстарын да үш (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) тілде ұйымдастыру қарастырылған.

5. Кең ауқымды дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты білім берудің басты құндылықтарды білім алушыларға дарыту негізі болып табылады. Бұл құндылықтарды білім алушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болады.

2-тарау. «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

6. «АКТ» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 1-сыныпта 2-ші жартыжылдықтан бастап аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 17 сағатты;

2) 2-сыныпта аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 34 сағатты;

3) 3-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;

4) 4-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

7. «АКТ» оқу пәнінің 1-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) «Компьютер»: компьютердің құрылғылары (пернетақта, тінтуір, жүйелік блок, монитор); программалық қамтамасыз ету: компьютерлік программалардың қызмет, программа менюі, программаларды іске қосу және аяқтау, компьютерлік программаларда файлдарды ашу және сақтау; қауіпсіздік: қауіпсіздік техникасының ережелері;

2) «Ақпаратты өңдеу және көрсету»: графика: графикалық редактордың қызметі, суреттерді ашу және сақтау, редактор құралдарын қолдана отырып, сурет салу;

3) «Есептеу машығы»: алгоритмдер: алгоритмдер, атқарушы, атқарушының командалар жүйесі, графикалық редакторде суретті құруда алгоритмдерді құрастыру және қолдану.

8. «АКТ» оқу пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) «Компьютер»: компьютер құрылғылары: енгізу құрылғылары (тінтуір, пернетақта, микрофон) және шығару құрылғылары (монитор, принтер, дыбыс шығарғыш/ құлаққап); программалық қамтамасыз ету: файлдар және бумалар түсінігі, меню командаларын қолдану; қауіпсіздік: цифрлық құрылғылармен жұмыс жасау барысында техника қауіпсіздігінің негізгі ережелерін сақтау, желіде орналасқан ақпараттардың шынайылығы мен пайдасы;

2) «Ақпаратты өңдеу және көрсету»: мәтіндер: мәтіндік редакторда сөйлемдерді теру, қаріпті және абзацты пішімдеу (қаріптің жазылу стилі, түсі,

түзету), құжаттағы ерекшеленген мәтінді қиып алу, көшіру, қою; графика: суретті өңдеу; қию, бұру, өлшемін өзгерту, суреттің фрагментін көшіру; мультимедиа: дыбыс жазу және дыбысты ойнату, дыбыстық эффектілер, дыбысты өңдеу;

3) «Есептеу машығы»: алгоритмдер: сызықтық алгоритм, алгоритмнің сөздік формасы, алгоритмнің графикалық формасы; программалау: атқарушының командалар жүйесі, лабиринт.

9. «АКТ» оқу пәнінің 3-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) «Компьютер»: компьютердің құрылғылары: енгізу және шығару құрылғылары; программалық қамтамасыз ету: компьютерлік программалардың қызметі (сілтеуіш, суреттерді көруге арналған программалар), программа менюі, меню командаларын қолдану, файлдар мен бумалар, компьютерде файлдарды ашу және сақтау; қауіпсіздік техникасы: қауіпсіздік техникасының ережелері;

2) «Ақпаратты өңдеу және көрсету»: мәтіндер: мәтіндік редактордың қызметі, программа менюі, мәтінді теру және өңдеу, символдар мен абзацтарды пішімдеу, мәтінмен болатын операциялар, символдарды қосу; графика: графикалық редактордың қызметі, суреттерді ашу және сақтау, редактор құралдарын қолдана отырып, сурет салу, түстер палитрасы, суреттерді өңдеу, суретті кесу, айналдыру және өлшемін өзгерту, сурет бөліктерінің көшірмесін жасау; презентация: презентация құру программаларының қызметі, программа менюі, презентацияларды ашу және сақтау, слайдта мәтін мен суреттерді орналастыру, слайд арасында ауысу, презентация дизайны, дыбысты қосу; мультимедиа: дыбыстық ақпаратты енгізу және шығару құрылғылары, дыбыс редакторының қызметі, дыбысты жазу, дыбыстарды өңдеу және ойнату, дыбыстық эффектілерді қолдану;

3) «Интернет желісінде жұмыс»: ақпаратты іздеу: веб-парақшаларды көруге арналған программалардың қызметі, іздеу жүйелері, түйінді сөздер бойынша іздеу; ақпарат алмасу: ақпарат алмасу тәсілдері, белгіленген мәтінді және суретті құжатқа көшіру; Интернет желісіндегі қауіпсіздік: Интернеттегі қауіпсіздік ережелері.

10. «АКТ» оқу пәнінің 4-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) «Компьютер»: компьютердің құрылғылары: компьютердің сыртқы құрылғылары; программалық қамтамасыз ету: файлдармен және бумалармен жұмыс жасау, файлдармен және бумалармен операция жасау (құру, көшіру, орнын ауыстыру және жою), файлдармен және бумалармен жұмыс жасау кезінде мәнмәтіндік менюді қолдану, компьютерде ақпаратты іздеу (бума, файл, мәтіннің үзіндісі); қауіпсіздік техникасы: экранмен жабдықталған құрылғылармен жұмыс атқару барысында қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтау;

2) «Ақпаратты өңдеу және көрсету»: мәтіндер: мәтіндік құжаттағы иллюстрациялар, суреттер мен сәндік мәтінді кірістіру, маркерленген және нөмірленген тізімдер, мәтіннің үзіндісін құжат ішінен іздеу; графика:

графикалық редакторлар, фотосуреттерді өңдеу (жарық, контраст, рамка), коллаж жасау; презентациялар: слайд макеті, презентациядағы нысандарға анимацияны баптау, суретті, сәндік мәтінді, видео мен дыбысты презентацияға қою; мультимедиа: дыбыспен жұмыс жасауға арналған программалар, дыбыспен жұмыс жасауға арналған компьютердің сыртқы құрылғылары, дыбыс редакторында әуен жазу, видеоны жазу және оны көруге арналған компьютердің сыртқы құрылғылары, видеоредакторлардың көмегімен видеоны жазу және оны өңдеу, видео үзінділерін көшіру, орнын ауыстыру және жою;

3) «Интернетте жұмыс жасау»: ақпаратты іздеу: браузер құралдары (бетбелгілер орнату, жүктеулерді және тарихын қарау); ақпарат алмасу: Интернет арқылы мәліметтер жіберу, электронды пошта арқылы тіркелген файлдары бар хабарламаларды жіберу және алу; Интернет желісіндегі қауіпсіздік: құпиясөздер, сенімді құпиясөздің критерийлері.

3-тарау. Оқу мақсаттарының жүйесі

11. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен белгіленген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім және бөлімшенің ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. 1.2.1.1 кодында: «1» – сынып,«2.1» – бөлім мен бөлімше, «1» – оқу мақсатының реттік нөмірі.

12. Оқу мақсаттарының жүйесі:

1) компьютер:

Бөлімше	1-сынып	2-сынып
1.1 Компьютер құрылғылары	1.1.1.1 компьютердің құрылғылары туралы әңгімелеу (пернетақта, тышқан, жүйелік блок, монитор)	2.1.1.1 енгізу (тышқан пернетақта, микрофон) және шығару құрылғыларын (монитор мен принтер, дыбыс шығарғыш/ құлаққап) ажырату
1.2 Программалық қамтамасыз ету	1.1.2.1 компьютерлік бағдарламалар пайдаланушы міндеттерін орындау үшін жасалатынын түсіндіру	2.1.2.1 файл мен бума ұғымын түсіндіру
	1.1.2.2 программаларды іске қосу және аяқтау; 1.1.2.3 компьютерлік программада файлдарды ашу және сақтау командаларын қолдану	2.1.2.2 компьютерлік бағдарламаларда меню командаларын пайдалану
1.3 Қауіпсіздік	1.1.3.1 информатика кабинетіндегі өзін өзі ұстау ережелерін сақтау	2.1.3.1 цифрлық құрылғылармен жұмыс барысында техника қауіпсіздігінің негізгі ережелерін сақтау
		2.1.3.2 желідегі кез келген ақпарат

		шынайы және пайдалы бола бермейтінін түсіну
Бөлімше	3-сынып	4-сынып
1.1 Компьютердің құрылғылары	3.1.1.1 енгізу (тінтуір мен пернетақта) және шығару құрылғыларын (монитор мен принтер) ажырату	4.1.1.1 компьютердің сыртқы құрылғыларына мысалдар келтіру
1.2 Программалық қамтамасыз ету	3.1.2.1 компьютерлік программалар қолданушының міндеттерін шешу үшін қажет екенін түсіндіру; 3.1.2.2 компьютерлік программаларда файлдарды ашу және сақтау командаларын пайдалану; 3.1.2.3 файл және бума түсінігін түсіндіру; 3.1.2.4 компьютерлік программаларда меню командаларын қолдану	4.1.2.1 қолданыстағы қолданбалы программалардың мүмкіндіктерін айта алу; 4.1.2.2 файлдар мен бумаларды құру, жою және орнын ауыстыру; 4.1.2.3 жұмыс барысында мәнмәтіндік менюді қолдану
1.3 Қауіпсіздік техникасы	3.1.3.1 цифрлық құрылғылармен жұмыс жасауда қауіпсіздік техникасының негізгі ережелерін сақтау	4.1.3.1 экранмен жабдықталған, цифрлық құрылғылармен (телефондар, планшеттер, интерактивті тақталар) жұмыс жасауда уақытты шектеу маңыздылығын түсіндіру

2) ақпаратты өңдеу және көрсету:

Бөлімшелер	1-сынып	2-сынып
2.1 Мәтіндер	-	2.2.1.1 сөйлемдерді теруді мәтіндік редакторда жүзеге асыру; 2.2.1.2 қаріп пен абзацты пішімдеу (жазылымы, түсі, тегістелуі); 2.2.1.3 ерекшеленген мәтінді қиып алу, көшіру, құжатқа қою
2.2 Графика	1.2.2.1 қарапайым графикалық редактор құралдарын қолдану	2.2.2.1 сурет фрагментін көшіру және шағылыстыру; 2.2.2.2 нысанның сыртқы түрін өзгерту (қию, бұру, өлшемін өзгерту)
2.3 Презентациялар	-	-
2.4 Мультимедиа		2.2.4.1 арнайы программаны пайдалана отырып дыбысты жазу және шығару; 2.2.4.2 дыбыстық файлдарды өңдеу

Бөлімше	3-сынып	4-сынып
2.1 Мәтіндер	3.2.1.1 мәтіндік редакторда сөйлемдерді теруді жүзеге асыру; 3.2.1.2 қаріпті пішімдеу (қаріптің жазылу стилі, түсі, түзету); 3.2.1.3 құжаттағы ерекшеленген мәтінді қиып алу, көшіру, қою	4.2.1.1 маркірленген және нөмірленген тізім құру; 4.2.1.2 мәтіндік құжатқа суреттер, сәндік мәтін кірістіру (WordArt)
2.2 Графика	3.2.2.1 қарапайым графикалық редактор құралдарын қолдану; 3.2.2.2 нысанның сыртқы түрін өзгерту (қию, бұру, өлшемін өзгерту)	4.2.2.1 біртұтас сурет құру үшін бірнеше кескінді біріктіру
2.3 Презентациялар	3.2.3.1 мәтін мен видеолардан тұратын қарапайым презентациялар жасау; 3.2.3.2 слайдтар арасындағы ауысуларды пайдалану; 3.2.3.3 презентацияны безендіру үшін дайын дизайнды пайдалану	4.2.3.1 слайдқа макет таңдау; 4.2.3.2 презентациядағы нысандарға анимацияны баптау
2.4 Мультимедиа	3.2.4.1 программаны пайдалана отырып, дыбысты жазу, өңдеу және шығару; 3.2.4.2 арнайы тақырыпқа сай фотосуреттерді қолдану	4.2.4.1 әуен шығару үшін программаларды қолдану; 4.2.4.2 фотосуреттерді өңдеуге арналған программаларды қолдану (жарық, контраст, рамка); 4.2.4.3 белгілі бір тақырыпқа видеокөріністер жазу

3) Интернет желісінде жұмыс:

Бөлімше	3-сынып	4-сынып
3.1 Ақпаратты іздеу	3.3.1.1 нақты сұрақтарға жауап табу үшін Интернеттің іздеу жүйелерін қолдану	4.3.1.1 ақпаратты іздеу (компьютердегі файлдар мен бумаларды, құжаттағы мәтіннің үзіндісі); 4.3.1.2 браузер құралдарын қолдану (бетбелгілер орнату, жүктеулерді және тарихын қарау)
3.2 Ақпарат алмасу	3.3.2.1 желіде ақпарат алмасу жолдарын түсіндіру	4.3.2.1 қоса тіркелген файлдары бар хабарламаларды (электрондық поштамен) жіберу және алу
3.3 Интернет желісіндегі қауіпсіздік	3.3.3.1 Интернет желісіндегі қажетсіз байланыстың қаупін түсіну	4.3.3.1 сенімді құпиясөз критерийлерін ерекшелеу

4) есептеуге машығы:

Бөлімше	1-сынып	2-сынып

4.1 Алгоритмдер	1.4.1.1 алгоритм күтілетін нәтижеге әкелетін командалар тізбегінен тұратынын білу	2.4.1.1 нақты бір жағдаятқа арналған бірнеше сызықтық алгоритмдер құрастыру
	1.4.1.2 логикалық тізбекте іс-әрекеттерді реттеу	2.4.1.2 сызықты алгоритмді сөздік және графикалық түрде ұсыну
4.2 Программалау	1.4.2.1 орындаушыларға ерекше нұсқау қажет екенін түсіндіру	2.4.2.1 сызықтық алгоритмді жүзеге асыруда орындаушының командалар жүйесін қолдану

13. Осы оқу бағдарламасы қосымшада келтірілген бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «АКТ» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Бастауыш білім беру деңгейінің
1-4-сыныптарына арналған
«Ақпараттық-коммуникациялық
технологиялар» пәнінен
үлгілік оқу бағдарламасына
қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған
«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінен
үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша
ұзақ мерзімді жоспар

1) 1-сынып:

Ұзақ мерзімді жоспардың тараулары (ортақ тақырыптар)*	Пәннің тақырыптары	Оқу мақсаттары
3-тоқсан		
1-тарау – Компьютер және программалар (ортақ тақырып: «Саяхат»)	Денсаулығымызды сақтаймыз	1.1.3.1 информатика кабинетіндегі өзін өзі ұстау ережелерін сақтау
	Компьютер құрылғылары	1.1.1.1 компьютердің құрылғылары туралы әңгімелеу (пернетақта, тышқан, жүйелік блок, монитор)
	Компьютер және программа	1.1.2.1 компьютерлік бағдарламалар пайдаланушы міндеттерін орындау үшін жасалатынын түсіндіру; 1.1.2.2 программаларды іске қосу және аяқтау
2-тарау – Компьютерлік суреттер (ортақ тақырып: «Салт- дәстүр және ауыз әдебиеті»)	Графикалық редакторда фигуралар мен түстер	1.2.2.1 қарапайым графикалық редактор құралдарын қолдану; 1.1.3.1 информатика кабинетіндегі өзін өзі ұстау ережелерін сақтау; 1.1.2.2 программаларды іске қосу және аяқтау
	Графикалық редактордың құралдары (қылқалам, ластик, қалыңдық, қисық сызықтар, түспен құю)	1.2.2.1 қарапайым графикалық редактор құралдарын қолдану; 1.1.2.3 компьютерлік программада файлдарды ашу және сақтау командаларын қолдану
	Суретті өңдеу	1.2.2.1 қарапайым графикалық редактор құралдарын қолдану; 1.1.2.3 компьютерлік программада файлдарды ашу және сақтау командаларын қолдану; 1.1.3.1 информатика кабинетіндегі өзін өзі ұстау ережелерін сақтау

4-тоқсан		
3-тарау – Алгоритмдер біздің өмірімізде (ортақ тақырыптар: «Тағам мен сусын», «Дені саудың жаны сау»)	Алгоритммен алғашқы танысу	1.4.1.1 алгоритм күтілетін нәтижеге әкелетін командалар тізбегінен тұратынын білу; 1.4.1.2 логикалық тізбекте іс-әрекеттерді реттеу
	Атқарушы. Атқарушының командалар жүйесі	1.4.2.1 орындаушыларға ерекше нұсқау қажет екенін түсіндіру
	Графикалық редакторде суреттерді жасауда алгоритмдерді құрастыру және пайдалану	1.2.2.1 қарапайым графикалық редактор құралдарын қолдану; 1.1.2.2 программаларды іске қосу және аяқтау; 1.4.1.2 логикалық тізбекте іс-әрекеттерді реттеу

2) 2-сынып:

Ұзақ мерзімді жоспардың тараулары (ортақ тақырыптар)*	Пәннің тақырыптары	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
1-тарау – Компьютер және программалар (ортақ тақырып: «Өзім туралы»)	Денсаулығымызды сақтаймыз	2.1.3.1 цифрлық құрылғылармен жұмыс барысында техника қауіпсіздігінің негізгі ережелерін сақтау
	Ақпаратты іздеу	2.1.3.2 желідегі кез келген ақпарат нақты және қажетті бола бермейтінін түсіну
	Енгізу және шығару құрылғылары	2.1.1.1 енгізу (тышқан пернетақта, микрофон) және шығару құрылғыларын (монитор мен принтер, дыбыс шығарғыш/ құлаққап) ажырату
	Файлдар мен бумалар	2.1.2.1 файл мен бума ұғымын түсіндіру
2-тарау – Шығармашылық пен компьютер (ортақ тақырып: «Менің отбасым және достарым»)	Суреттің қайталанатын фрагменттері	2.2.2.1 сурет фрагментін көшіру және шағылыстыру
	Суретті өзгерту	2.1.2.2 компьютерлік бағдарламаларда меню командаларын пайдалану; 2.2.2.2 нысанның сыртқы түрін өзгерту (қию, бұру, өлшемін өзгерту)
	Ою-өрнектер жасаймыз	2.1.2.2 компьютерлік бағдарламаларда меню командаларын пайдалану; 2.2.2.1 сурет фрагментін көшіру және шағылыстыру;

		2.2.2.2 нысанның сыртқы түрін өзгерту (қию, бұру, өлшемін өзгерту)
2-тоқсан		
3-тарау – Сөз артында сөз (ортақ тақырыптар: «Менің мектебім», «Менің туған өлкем»)	Пернетақтамен танысу	2.2.1.1 сөйлемдерді теруді мәтіндік редакторда жүзеге асыру
	Мәтінді теру және редакциялау	2.2.1.1 сөйлемдерді теруді мәтіндік редакторда жүзеге асыру
	Қаріптер	2.2.1.2** қаріп пен абзацты пішімдеу (жазылымы, түсі, тегістелуі)
	Мәтінді пішімдеу	2.2.1.2** қаріп пен абзацты пішімдеу (жазылымы, түсі, тегістелуі)
	Мәтіннің қайталанатын фрагменттері	2.2.1.3 ерекшеленген мәтінді қиып алу, көшіру, құжатқа қою
3-тоқсан		
4-тарау – Алгоритмдер біздің өмірімізде (ортақ тақырып: «Дені саудың жаны сау»)	Сызықтық алгоритм	2.4.1.1 нақты бір жағдаятқа арналған бірнеше сызықтық алгоритмдер құрастыру
	Алгоритмнің сөздік формасы	2.4.1.2** сызықты алгоритмді сөздік және графикалық түрде ұсыну; 2.2.1.1 сөйлемдерді теруді мәтіндік редакторда жүзеге асыру
	Алгоритмнің графикалық формасы	2.4.1.2** сызықты алгоритмді сөздік және графикалық түрде ұсыну; 2.2.2.1 сурет фрагментін көшіру және шағылыстыру
5-тарау – Программалау (ортақ тақырып: «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті»)	Роботқа командалар береміз	2.4.2.1 сызықтық алгоритмді жүзеге асыруда орындаушының командалар жүйесін қолдану
	Лабиринт	2.4.2.1 сызықтық алгоритмді жүзеге асыруда орындаушының командалар жүйесін қолдану
4-тоқсан		
6-тарау– Мультимедиа (ортақ тақырыптар: «Қоршаған орта», «Саяхат»)	Дыбысты жазу және ойнату	2.1.1.1. енгізу (тышқан, пернетақта, микрофон) және шығару құрылғыларын (монитор мен принтер, дыбыс шығарғыш/ құлаққап) ажырату; 2.2.4.1 арнайы программаны пайдалана отырып дыбысты жазу және шығару
	Дыбыстық эффектілер	2.2.4.2 дыбыстық файлдарды өңдеу
	Дыбысты өңдеу	2.1.2.2 компьютерлік бағдарламаларда меню командаларын пайдалану; 2.2.4.2 дыбыстық файлдарды өңдеу
	Біздің айналамыздағы	2.1.2.2 компьютерлік

	дыбыстар	бағдарламаларда меню командаларын пайдалану; 2.2.4.2 дыбыстық файлдарды өңдеу

* әр тоқсанда 2 ортақ тақырып қамтылатынын ескеріп, оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін берілетін тапсырмалар мазмұнына ортақ тақырыптарды кіріктіріледі.

** оқу бағдарламасындағы оқу мақсатының бір бөлігі пайдаланылады.

3) 3-сынып:

Бөлімдер (ортақ тақырыптар)	Пәннің тақырыптар	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
1. Компьютер және программалар (ортақ тақырып: «Жанды табиғат»)	1.1 Компьютердің құрылғылары	3.1.1.1 енгізу (тінтуір пернетақта) және шығару құрылғыларын (монитор мен принтер) ажырату; 3.1.2.1 компьютерлік программалар қолданушының міндеттерін шешу үшін қажет екенін түсіндіру; 3.1.3.1 цифрлық құрылғылармен жұмыс жасауда қауіпсіздік техникасының негізгі ережелерін сақтау
	1.2 Файлдар мен бумалар	3.1.2.2 компьютерлік программаларда файлдарды ашу және сақтау командаларын пайдалану; 3.1.2.3 файл және бума ұғымдарын түсіндіру; 3.2.4.2 арнайы тақырыпқа сай фотосуреттерді қолдану
	1.3 Программалар терезесі	3.1.1.1 енгізу (тінтуір мен пернетақта) және шығару құрылғыларын (монитор мен принтер) ажырату; 3.1.2.1 компьютерлік программалар қолданушының міндеттерін шешу үшін қажет екенін түсіндіру; 3.1.2.4 компьютерлік программаларда меню командаларын қолдану
2. Сөз артында сөз (ортақ тақырып: «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен (Жарық пен қараңғы)»)	2.1 Мәтінді теру және өңдеу	3.1.2.1 компьютерлік программалар қолданушының міндеттерін шешу үшін қажет екенін түсіндіру; 3.1.2.2 компьютерлік программаларда файлдарды ашу және сақтау командаларын пайдалану; 3.2.1.1 мәтіндік редакторда

		сөйлемдерді теруді жүзеге асыру
	2.2 Мәтінді пішімдеу	3.1.2.2 компьютерлік программаларда файлдарды ашу және сақтау командаларын пайдалану; 3.1.2.4 компьютерлік программаларда меню командаларын қолдану; 3.2.1.1 мәтіндік редакторда сөйлемдерді теруді жүзеге асыру; 3.2.1.2 қаріпті пішімдеу (қаріптің жазылу стилі, түсі, түзету); 3.2.1.3 құжаттағы ерекшеленген мәтінді қиып алу, көшіру, қою
2-тоқсан		
3. Компьютер және дыбыстар (ортақ тақырып: «Уақыт»)	3.1 Дыбысты жазу және ойнату	3.1.1.1 енгізу (тінтуір мен пернетақта) және шығару құрылғыларын (монитор мен принтер) ажырату; 3.1.2.1 компьютерлік программалар қолданушының міндеттерін шешу үшін қажет екенін түсіндіру; 3.1.3.1 цифрлық құрылғылармен жұмыс жасауда қауіпсіздік техникасының негізгі ережелерін сақтау; 3.2.4.1 программаны пайдалана отырып, дыбысты жазу, өңдеу және шығару
	3.2 Дыбыстық эффектілер	3.1.1.1 енгізу (тінтуір мен пернетақта) және шығару құрылғыларын (монитор мен принтер) ажырату; 3.1.2.4 компьютерлік программаларда меню командаларын қолдану; 3.2.4.1 программаны пайдалана отырып, дыбысты жазу, өңдеу және шығару
	3.3 Дыбысты өңдеу	3.1.2.2 компьютерлік программаларда файлдарды ашу және сақтау командаларын пайдалану; 3.1.3.1 цифрлық құрылғылармен жұмыс жасауда қауіпсіздік техникасының негізгі ережелерін сақтау; 3.2.4.1 программаны пайдалана отырып, дыбысты жазу, өңдеу және шығару

4. Компьютерлік суреттер (ортақ тақырып: «Сәулет өнері»)	4.1 Графикалық редактордың құралдары	3.1.2.1 компьютерлік программалар қолданушының міндеттерін шешу үшін қажет екенін түсіндіру; 3.1.2.2 компьютерлік программаларда файлдарды ашу және сақтау командаларын пайдалану; 3.1.2.4 компьютерлік программаларда меню командаларын қолдану; 3.1.3.1 цифрлық құрылғылармен жұмыс жасауда қауіпсіздік техникасының негізгі ережелерін сақтау; 3.2.2.1 қарапайым графикалық редактор құралдарын қолдану
	4.2 Суретті өңдеу	3.1.2.2 компьютерлік программаларда файлдарды ашу және сақтау командаларын пайдалану; 3.1.2.1 компьютерлік программалар қолданушының міндеттерін шешу үшін қажет екенін түсіндіру; 3.2.2.1 қарапайым графикалық редактор құралдарын қолдану
3-тоқсан		
5. Шығармашылық және компьютер (ортақ тақырып: «Өнер»)	5.1 Графикалық редактордағы фигуралар	3.1.2.1 компьютерлік программалар қолданушының міндеттерін шешу үшін қажет екенін түсіндіру; 3.1.2.4 компьютерлік программаларда меню командаларын қолдану; 3.2.2.1 қарапайым графикалық редактор құралдарын қолдану
	5.2 Қайталанатын үлгілер	3.1.2.4 компьютерлік программаларда меню командаларын қолдану; 3.2.2.1 қарапайым графикалық редактор құралдарын қолдану; 3.2.2.2 нысанның сыртқы түрін өзгерту (қию, бұру, өлшемін өзгерту)
	5.3 Түстер палитрасы	3.1.2.2 компьютерлік программаларда файлдарды ашу және сақтау командаларын пайдалану; 3.2.2.1 қарапайым графикалық редактор құралдарын қолдану; 3.2.2.2 нысанның сыртқы түрін өзгерту (қию, бұру, өлшемін

		өзгерту); 3.2.4.2 арнайы тақырыпқа сай фотосуреттерді қолдану
6. Әлемнің барлығы Интернетте (ортақ тақырып: «Атақты тұлғалар»)	6.1 Ақпаратты іздеу	3.1.2.1 компьютерлік программалар қолданушының міндеттерін шешу үшін қажет екенін түсіндіру; 3.1.2.2 компьютерлік программаларда файлдарды ашу және сақтау командаларын пайдалану; 3.2.1.3 құжаттағы ерекшеленген мәтінді қиып алу, көшіру, қою; 3.3.1.1 нақты сұрақтарға жауап табу үшін Интернеттің іздеу жүйелерін қолдану
	6.2 Интернеттегі қауіпсіздік	3.2.1.1 мәтіндік редакторда сөйлемдерді теруді жүзеге асыру; 3.3.1.1 нақты сұрақтарға жауап табу үшін Интернеттің іздеу жүйелерін қолдану; 3.3.2.1 желіде ақпарат алмасу жолдарын түсіндіру; 3.3.3.1 Интернет желісіндегі қажетсіз байланыстың қаупін түсіну
	6.3 Презентация құру	3.1.2.4 компьютерлік программаларда меню командаларын қолдану; 3.2.3.1 мәтін мен видеолардан тұратын қарапайым презентациялар жасау; 3.2.3.2 слайдтар арасындағы ауысуларды пайдалану; 3.2.3.3 презентацияны безендіру үшін дайын дизайнды пайдалану; 3.3.1.1 нақты сұрақтарға жауап табу үшін Интернеттің іздеу жүйелерін қолдану
4-тоқсан		
7. Презентацияны безендіру (ортақ тақырып: «Су – тіршілік көзі»)	7.1 Презентация құрып безендіру	3.1.2.2 компьютерлік программаларда файлдарды ашу және сақтау командаларын пайдалану 3.1.2.4 компьютерлік программаларда меню командаларын қолдану; 3.2.3.1 мәтін мен видеолардан тұратын қарапайым презентациялар жасау; 3.2.4.2 арнайы тақырыпқа сай фотосуреттерді қолдану

	7.2 Презентацияға арналған ақпарат	3.1.2.2 компьютерлік программаларда файлдарды ашу және сақтау командаларын пайдалану; 3.2.1.3 құжаттағы ерекшеленген мәтінді қиып алу, көшіру, қою; 3.2.3.1 мәтін мен видеолардан тұратын қарапайым презентациялар жасау; 3.2.3.2 слайдтар арасындағы ауысуларды пайдалану; 3.2.3.3 презентацияны безендіру үшін дайын безендіру пайдалану; 3.3.1.1 нақты сұрақтарға жауап табу үшін Интернеттің іздеу жүйелерін қолдану
8. Мәтін, дыбыс және презентация (ортақ тақырып: «Демалыс мәдениеті. Мерекелер»)	8.1 Мәтінмен жұмыс	3.2.1.1 мәтіндік редакторда сөйлемдерді теруді жүзеге асыру; 3.2.1.3 құжаттағы ерекшеленген мәтінді қиып алу, көшіру, қою; 3.3.1.1 нақты сұрақтарға жауап табу үшін Интернеттің іздеу жүйелерін қолдану
	8.2 Пернетақтада жоқ символдар	3.2.1.3 құжаттағы ерекшеленген мәтінді қиып алу, көшіру, қою; 3.2.4.2 арнайы тақырыпқа сай фотосуреттерді қолдану.
	8.3 Презентациядағы дыбыстар	3.3.1.1 нақты сұрақтарға жауап табу үшін Интернеттің іздеу жүйелерін қолдану; 3.2.4.1 программаны пайдалана отырып, дыбысты жазу, өңдеу және шығару

4) 4-сынып:

Бөлімдер (ортақ тақырыптар)	Пәннің тақырыптары	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
1. Фотосуретті өңдеу (ортақ тақырып: «Менің Отаным – Қазақстан»)	1.1 Фотосуреттерді өңдеу	4.1.3.1 экранмен жабдықталған цифрлық құрылғылармен (телефондар, планшеттер, интерактивті тақталар) жұмыс жасауда уақытты шектеу маңыздылығын түсіндіру; 4.2.2.1 біртұтас сурет құру үшін бірнеше кескінді біріктіру; 4.2.4.2 фотосуреттерді өңдеу үшін программаны қолдану
	1.2	4.1.2.1 қолданыстағы қолданбалы

	Файлдармен және бумалармен жұмыс жасау	программалардың мүмкіндіктерін айта алу; 4.1.2.2 файлдар мен бумаларды құру, жою және орнын ауыстыру; 4.1.2.3 жұмыс барысында мәнмәтіндік менюді қолдану
2. Мәтінмен жұмыс жасау (ортақ тақырып: «Құндылықтар»)	2.1 Құжаттағы суреттер	4.1.2.2 файлдар мен бумаларды құру, жою және орнын; 4.2.1.2 мәтіндік құжатқа суреттер, сәндік мәтін кірістіру (WordArt) ауыстыру
	2.2 Тізімдер	4.1.2.3 жұмыс барысында мәнмәтіндік менюді қолдану; 4.2.1.1 маркірленген және нөмірленген тізім құру; 4.3.1.1 ақпаратты іздеу (компьютердегі файлдар мен бумаларды, құжаттағы мәтіннің үзіндісі)
2-тоқсан		
3. Дыбысты өңдеу (ортақ тақырып: «Мәдени мұра»)	3.1 Дыбыспен жұмыс жасауға арналған программалар	4.1.2.1 қолданыстағы қолданбалы программалардың мүмкіндіктерін айта алу; 4.2.4.1 әуен жазу үшін программаларды қолдану
	3.2 Әуен жазу	4.1.1.1 компьютердің сыртқы құрылғыларына мысалдар келтіру; 4.2.4.1 әуен жазу үшін программаларды қолдану
4. Презентациялар (ортақ тақырып: «Мамандықтар әлемі»)	4.1 Презентацияға арналған ақпараттар	4.2.3.1 слайдқа макет таңдау; 4.3.1.1 ақпаратты іздеу (компьютердегі файлдар мен бумаларды, құжаттағы мәтіннің үзіндісі); 4.3.1.2 браузер құралдарын қолдану (бетбелгілер орнату, жүктеулерді және тарихын қарау)
	4.2 Презентациядағы анимациялар	4.2.2.1 біртұтас сурет құру үшін бірнеше кескінді біріктіру; 4.2.3.2 презентациядағы нысандарға анимацияны баптау
3-тоқсан		
5. Видео құру (ортақ тақырып: «Табиғат құбылыстары»)	5.1 Видеожазба	4.1.1.1 компьютердің сыртқы құрылғыларына мысалдар келтіру; 4.1.2.1 қолданыстағы қолданбалы программалардың мүмкіндіктерін айта алу; 4.2.4.3 белгілі бір тақырыпқа видеокөріністер жазу
	5.2	4.1.2.2 файлдар мен бумаларды

	Видеоны өңдеу	құру, жою және орнын ауыстыру; 4.2.4.3 белгілі бір тақырыпқа видеокөріністер жазу
6. Мультимедиа (ортақ тақырып: «Қоршаған ортаны қорғау»)	6.1 Презентациядағы дыбыстар	4.2.1.2 мәтіндік құжатқа суреттер, сәндік мәтін кірістіру (WordArt); 4.2.3.2 презентациядағы нысандарға анимацияны баптау
	6.2 Презентациядағы видео	4.3.1.1 ақпаратты іздеу (компьютердегі файлдар мен бумаларды, құжаттағы мәтіннің үзіндісі); 4.2.3.2 презентациядағы нысандарға анимацияны баптау
4-тоқсан		
7. Электрондық пошта (ортақ тақырып: «Ғарышқа саяхат»)	7.1 Интернет арқылы мәліметтер жіберу	4.1.2.2 файлдар мен бумаларды құру, жою және орнын ауыстыру; 4.1.2.3 жұмыс барысында мәнмәтіндік менюді қолдану; 4.3.2.1 қоса тіркелген файлдары бар хабарламаларды (электрондық поштамен) жіберу және алу
	7.2 Құпиясөз күші	4.3.1.2 браузер құралдарын қолдану (бетбелгілер орнату, жүктеулерді және тарихын қарау); 4.3.2.1 қоса тіркелген файлдары бар хабарламаларды (электрондық поштамен) жіберу және алу; 4.3.3.1 сенімді құпиясөз критерийлерін ерекшелеу
8. Болашақтағы компьютердің құрылғысы (ортақ тақырып: «Болашаққа саяхат»)	8.1 Компьютердің құрылғылары	4.1.1.1 компьютердің сыртқы құрылғыларына мысалдар келтіру; 4.1.3.1 экранмен жабдықталған цифрлық құрылғылармен (телефондар, планшеттер, интерактивті тақталар) жұмыс жасауда уақытты шектеу маңыздылығын түсіндіру
	8.2 Видеоларды құру	4.2.2.1 біртұтас сурет құру үшін бірнеше кескінді біріктіру; 4.2.4.2 фотосуреттерді өңдеу үшін программаны қолдану; 4.3.1.1 ақпаратты іздеу (компьютердегі файлдар мен бумаларды, құжаттағы мәтіннің үзіндісі); 4.3.1.2 браузер құралдарын қолдану (бетбелгілер орнату, жүктеулерді және тарихын қарау)